«БОЛМЫСЫ ДАРА, ТАБИҒАТЫ ТАЗА ТАМАША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒА ЕДІ»

(Абай ҒЗИ-да көрнекті сыншы, жазушы Сайлаубек Жұмабектің 80 жасқа толуына арналған дөңгелек үстел өтті)



2026 жылдың 23-қазанында Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Қазіргі әдеби сынның өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аталмыш жиын қазақ әдебиеті мен сынында дара болмысы сақталған көрнекті сыншы, жазушы, халықаралық Алаш сыйлығының иегері Сайлаубек Жұмабектің 80 жасқа толуына арналды. Дөңгелек үстел ұлттық әдебиет пен сынында елеулі еңбек атқарған әдебиет сыншысын еске алу, сын тарихында тұлғалық, дарындық даралығы ерекшеленген Сайлаубек Жұмабектің шығармашылық үлгісін бүгінгі жас әдебиетшілер мен сыншыларға өнеге ету мақсатын артты.



Дөңгелек үстелге ақын, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалин, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың зерттеуші-профессоры, п.ғ.д. Фаузия Оразбаева, сыншы, мәдени сарапшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Алаш және Махамбет атындағы сыйлықтарының лауреаты Әлия Бөпежанова, ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының профессорлары, ф.ғ.д. Қанипаш Мәдібаева, Гүлзия Пірәлі, Гүлжахан Орда, сондай-ақ Абай ҒЗИ-дің жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Дандай Ысқақұлы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын, Абай ҒЗИ-дің бас ғылыми қызметкері Өтеген Оралбайұлы, ақын, журналист Кәдірбек Құнпияұлы, ақын Болат Шарахымбай, белгілі журналист, публицист, жазушы Көлбай Адырбекұлы, ақын Баян Бекетова, Фараби университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі Самал Дәрібайұлы, аталмыш кафедраның ассистент-профессоры Софетхан Тлеубаев, филология факультетінің әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Шохан Шортанбай, ф.ғ.к., доцент Раушан Әбдіқұлова, профессор Сәуле Ержанова, Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының директоры Алмасбек Мәуленов т.б. қатысты.



Модератор – Абай ҒЗИ-дің жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. профессор Қансейіт Әбдезұлы келген әдебиет өкілдері мен қонақтарды таныстырып, жиынды ашты. Жиында әдебиет өкілдері мен сыншы, зерттеуші ғалымдар Сайлаубек Жұмабектің шығармашылық шеберханасы, айрықша тұлғасы, ұлттық әдебиетке қосқан зор үлесі мен еңбегі туралы үлгілі сөз, өнегелі ой, тұшымды пікір айтты, ақындар арнау өлеңдерін оқыды.



Абай ҒЗИ директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебайұлы «Болмысы дара, табиғаты таза тамаша шығармашылық тұлға еді» тақырыбындағы баяндамасында: «Жазушының шығармашылығы туралы роман-портрет жазу немесе роман-монолог жазу сын саласында тек Сайлаубек Жұмабектің ғана қолынан келді. Бұл қазақ әдеби сынының тарихындағы бұрын-соңды болмаған жаңа құбылыс, сыншының талант даралығын танытқан шығармашылық жаңа үлгі болатын... Сайлаубек Жұмабек самородный, болмысы дара, табиғаты таза тамаша шығармашылық тұлға еді» – деп, әдебиет сыншысының шығармашылық шеберлігі мен тұлғалық болмысына айрықша баға берді.

Профессор Дандай Ысқақұлы: «Сыншы деген – нағыз қайраткер, нағыз ұлтына, халыққа қызмет ететін, адамның адамының ғана қолынан келетін мамандық», – деген пікір білдіріп, Сайлаубек Жұмабектің қазақ әдебиетіндегі сын саласына сіңірген еңбегін атап өтті.



Сыншы Әлия Бөпежанова: «Шынайы сын мен шын сыншы әдебиеттің ұлт өміріндегі, рухани мәдениетіндегі маңызын өнердің өз биігінен, әлемдік өлшемдер биігінен зерделеуге ден қояды. «Өнер өмірден үйренбейді. Өнердің өз тарихы, өз логикасы мен динамикасы бар» (Асқар Сүлейменов). Сайлаубек Жұмабек осы ұстанымдағы сыншы болды», – деген пікір білдірді.



Дөңгелек үстел соңында Абай ҒЗИ-дің профессоры м.а. Ләйла Мұсалының жетекшілігімен филология факультеті «Әдебиеттану» мамандығының 1-курс студенттері «Батыл ойдың бахадүрі» тақырыбында дайындаған презентацияларын таныстырып, сыншы шығармашылығын зерделеді. 2-курс студенті Елсияр Құлахмет Сайлаубек Жұмабекке арналған суырыпсалма өлеңін домбырамен орындады.





Жиын қонақтар мен әдебиетшілер қауымы еске алған сыншының өмір жолы, кісілік болмысы жайындағы жылы лебіздермен қорытындыланды.

Қазақ әдебиетіндегі шын сыны мен қарымды қаламынан қанат қаққан шығармалары барда Сайлаубек Жұмабек есімі ұмытылмайды.

Абай ғылыми-зерттеу институтының
ақпараттық қызметі